

**"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын дамыту мәселелері жөніндегі басқарушы комитетті құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 76-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 970 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970 қаулысымен.**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2012.03.31 № 62-ө Өкімімен.**

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын дамыту бойынша сапалы ведомствоаралық өзара іс-қимылды және тиімді шешім қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында:

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2012.03.31 № 62 - ө Өкімімен.**

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын дамыту мәселелері жөніндегі басқарушы комитет, оған «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын дамыту мәселелерін үйлестіру жөніндегі функцияларды жүктей отырып құрылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2012.03.31 № 62 - ө Өкімімен.**

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевке жүктелсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 2012.11.08 № 206-ө Өкімімен.**

*Премьер-Министр* *К. Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2011 жылғы 30 мамырдағы  
№ 76 - ө өкіміне  
қосымша

**«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын дамыту мәселелері жөніндегі басқарушы комитеттің құрамы**

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2012.03.31 № 62-ө, 2012.06.18 № 118-ө, 2012.11.08 № 206-ө Өкімдерімен.

Ахметов	- Қазақстан Республикасының
Серік Нығметұлы	Премьер-Министрі, төраға
Исекешев	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі, төрағаның орынбасары
Әсет Өрентайұлы	
Досаев	- Қазақстан Республикасының
Ерболат Асқарбекұлы	Экономикалық даму және сауда министрі
Қаппаров	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі
Нұрлан Жамбылұлы	
Жәмішев	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Болат Бидахметұлы	
Жұмағалиев	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі
Асқар Қуанышұлы	
Жұмағұлов	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
Бақытжан Тұрсынұлы	
Қайырбекова	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі
Салидат Зекенқызы	
Мыңбай	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі
Дархан Қамзабекұлы	
Нокин	- Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері агенттігінің төрағасы
Серік Кеңесұлы	
Есімов	- Алматы қаласының әкімі
Ахметжан Смағұлұлы	
Мұсаханов	- Алматы облысының әкімі
Анзар Тұрсынханұлы	
Тулеушин	- Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі
Қаныш Аманбайұлы	

Шөкеев - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"  
Өмірзақ Естайұлы акционерлік қоғамының Басқарма  
төрағасы (келісім бойынша)  
Құлсейітов - "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық  
Айдын Жеңісұлы агенттік" акционерлік қоғамының  
Басқарма төрағасы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК